



АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ  
АТЫНДАҒЫ ҚОСТАНАЙ  
Өңірлік университеті

# БІЛІМ ЖАРЫСЫ

• СТУДЕНТТІК ГАЗЕТІ • 1997 ЖЫЛДАН БАСТАП ШЫҒАДЫ • Наурыз 2024 ЖЫЛ • №2

Ұлыстың ұлы күні

## НАУРЫЗ АЙЫ ТУҒАНДА...

Ахаң атындағы білім ордасы Наурыз мейрамын жылдағыдай сән-салтанатымен қарсы алды



Биыл елімізде наурыз мерекесі ерекше тойланды. Жылдағыдай наурыз айының 21-22-ші жұлдызында ғана қазақы шапан мен қынама бел қамзол киілген жоқ. Керісінше, он күнге ұласты. Он күн бойы дәстүріміз дәріптеліп, ұлттық киім ұлықталды. Бұл да болса егемен еліміздің айқын көрінісі. Қостанай қаласын көбі батыстанып кеткен, салт-дәстүрге олақ дейді. Расында, бұл сөз қате екен.

Биыл егінді аймақтың астанасы саналған Қостанай өзгеше кейіпте.

Мерекелердің алғашқы легі Амал мерекесінен бастау алды. Туыс-туған, дос-жаран бір-бірімен көрісіп мәре-сәре. Ал, қала орталығында ән-думан, одан қалса түрлі іс-шара салтанат құрған. Қандай мәдени нысанды алып қарасақта құр жатқан ешкім жоқ. Бәрі қарбалас. 15 наурыз - Қайырымдылық күні, 16

наурыз - Мәдениет және ұлттық салт-дәстүр күні, 17 наурыз - «Шаңырақ күні», 18 наурыз - Ұлттық киімдер күні, 19 наурыз - Жаңару күні, 20 наурыз - Ұлттық спорт күні, 21 наурыз - Ынтымақ күні, 22 наурыз - Жыл басы, 23 наурыз - Тазару күні деп бекітілген еді. Осылайша қазақстандықтар әр күнді босқа өткізбей, мәнді һәм мағыналы өткізуде.

жалғасы 2-бетте.

Ұлыстың ұлы күні

# НАУРЫЗ АЙЫ ТУҒАНДА...



жалғасы. басы 1 бетте

Ал Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің мерекеге әзірлігі мүлде бөлек. Университетке кірген сәттен ұлттық рух сезіледі. Алдыңнан күлімдей шығатын студенттердің жайы бір басқа. Аикен Даулибаева, журналистика мамандығының бірінші курс студенті. Наурыз мерекесі он күн тойланатынын естігенде ерекше қуанған.

— Мен үшін Наурыз мерекесінің жөні басқа. Биыл онкүндік болады дегенді естігенде қатты қуандым. Он төртінші наурыз көрісу күнінен бастап, ұлттық спорт, ұлттық киім және өзге де мерекелер маған ыстық. Он үшінші наурыздан бастап университет қабырғасында қазақша киім киіп жүрмін. Маған классикалық үлгідегі киім емес, өзіміздің ұлттық киім ұнайды. Шыны керек осылай жүргенде өзімді еркін әрі өте жақсы сезінемін, — дейді Аикен.

Иә, бұл жас өскіннің сөзі. Осы жылы әр мамандыққа жеке-жеке тапсырма берілген. Нақтырақ айтқанда қазақтың салт-дәстүр-

лерін мамандық иелері өз беттерінше әзірлеу керек. Қазақта көнеден келе жатқан «Ұйқыашар», «Селт еткізер» деген дәстүр бар. Оны біреу білсе, біреу білмейді. Аталған дәстүрді қазақ филологиясының студенттері сахналық көрініс ретінде көрсетті.

— «Ұйқыашар» - қазақ халқының көне салтының бірі. Той, мереке алдындағы түнде қыз-келіншектер, жігіттер ұйықтап қалмасын деп, жақсы тағамдардан ұйқыашар деген тамақ дайындайды. «Ұйқыашар» қыз, жігіттердің бір-біріне деген сезімі мен махаббатын арттыра түсуге себепші болған. «Селт еткізер» деген болса, «Ұйқыашар» дайындап өздеріне құрмет көрсетіп қызмет етіп жүрген көңілі қалаған бойжеткен қыздарға жас жігіттер сақина, сырға, білезік сияқты ескерткіш сый-сияпат ұсынады. Ол жігіттің «жаман» ойын сезген сезімтал қыздар әрине «селк» ете қалады. Сондықтан да бұл сый «селт еткізер» деп аталады, — дейді қазақ филологиясының 3 курс студенті Ербол Маратұлы.

Сонымен қатар, білім ошағындағы екін-

ші қабат «Тілшілер ауылы» деген атаумен арнайы дайындалған. Онда журналистика мамандығының студенттері қонақтарға «Бесікке салу» дәстүрін көрсетті.

- Бесікке салу - нәрестені алғаш бесікке бөлеу рәсімі. Бесікке саларға шақырылған ауыл-үйдің әйелдері шашуын, жол-жоралғысын ала келеді. Баланы алғашқы бөлеу үлгілі ұрпақ өсірген қадірменді әйелге тапсырылады. Ол өзінен басқа тағы бір-екі келіншектің көмегімен бесікті жабдықтайды. Сәбидің әжесі не шешесі түбектің тесігінен балаларға тәтті үлестіреді. Осыдан кейін бесікті отпен аластап, баланы бөлейді. Бесікке салған әйелдерге көйлек, жаулық сияқты сый тартылады. Үлкен-

Сейтбек Қуанышбаев сөз алып, мерекемен құттықтады.

- Жастардың салт-дәстүрді жете ұғынып, ұлықтап жүргені өте жақсы. Сіздер бақыттысыздар. Біз бала кезімізде мұндайды көрмедік. Кеңес үкіметі құлағаннан кейін ғана ата-баба салт-дәстүрін танып, түсіндік. Еліміз әрқашан аман, ұлтымыз күннен күнге өркендей берсін. Уайым-қайғы болмай, жағымды жаңалықтармыз көп болсын. Студенттеріміз жоғары жетістіктерге жетіп, біз тек марқайып, мақтана берейік. Наурыз құтты болсын, - дейді Сейтбек Бекенұлы.

Наурыз мерекесі Ө. Сұлтанғазин атындағы педагогикалық институтта концерттік бағдарламамен жалғасын тапты. Биыл ин-



дер бағасын беріп, баланың ер жетуіне, аның үбірлі-шүбірлі болуына тілектестік білдіреді. Сондай-ақ, бесік жыры айтылады, - дейді журналистика мамандығының студенті Ақмұншақ Дүйсенбек.

Келелі іс-шара да университет ректоры

ститутта он күн бойы ұлттық киім, спорт және бата беруден сайыстар ұйымдастырылды.

Бибіт Мирамұлы,

«Журналистика» ББ 2-курс студенті

Үлкенге құрмет

## ҚАРИЯЛАР – САРҚЫЛМАС ДАРИЯЛАР

**Наурыз мейрамының қарсаңына орай филология мамандығының студенттері «Благодать» қарттар үйінде мерекелік іс-шара өткізді. Студенттер қарияларға «Ұйқыашар» және «Селт еткізер» сынды дәстүрлерден көрініс қойды. Ән-күй ойнап, қариялардың жілігін жібітіп бір билетіп алды. Білім алушылар қарттар үйінің бүгінгі тынысымен танысып шықты.**

- Бұл жердің ашылғанына екі жыл болды. Қазіргі таңда 32 қария тұрып жатыр. Ғимарат ішінде әйелдер мен ерлерге бөлінген бес бөлме бар. Биыл адам санының көптігінен бұл ғимаратқа сыймай жатырмыз. Сол үшін, сәуірдің бірінен бастап А.Байтұрсынов көшесіндегі 44-ші үйден екінші ғимаратты жалға алдық. Филлиал санына келетін болсақ, Қарағандыда алты, Астана мен Қостанайда бір үйден бар. Қарттардың көп бөлігін славян ұлтының өкілдері құрайды. Көбі бала-шағасы жоқтығы, қарызға бату, деменцияға ұшырау және ұмытшақтық себептерімен осында. Таңғыштау, екпе, қысым өлшеу сияқты алғашқы көмек көрсетеміз. Ал, егер ауруханаға түсіп қалған жағдайда қастарында қарайласамыз. Сіздердің бүгін бізге сыйлаған көтеріңкі көңіл-күй мен құттықтауларыңыз қарттар-

рымыздың өне-бойына қан жүгірткендей әсер қалдырды, — дейді қарттар үйінің жетекшісі Төлөнова Сабина Магрупповна.

Студенттер ата-әжелерінен бата алып, алғыстарына бөленді. Оларды ортаға алып суретке түсті. Іс-шара соңында жиналған қормен азық-түліктер табысталды. Ақ жаулықтарымызға орамал, ақсақалдарымызға тақия сыйға тартылды.

-Жасым жетпіс үшке таяды. Солтүстік

Қазақстан облысының тумасымын. Орыс тілі пәнінен қырық төрт жыл ауыл мұғалімі болдым. Бұл жақта ұлым тұрады. Қатты сырқаттанғандықтан ұлымның қасына келдім. Бірақ, немерелерім сабаққа, ересектер жұмысқа кеткенде маған қарайтын адам болмайды. Оның үстіне ішім де пысады. Сондықтан бір айға осында келдім. Бұл жерде шүйіркелесіп, әзілдесіп және шер тарқатамыз. Әрқашан қазақ халқына алғысым шексіз. Қазақтардың арқасында әкем ГУЛАГ лагерінде жан сақтап қалған. Сол сәттен сіздердің дәстүрлеріңіз бен мәдениеттеріңізді ұнатамын. Әсіресе, шапандарыңызды, — деп, алғыс-тілегін барша қазаққа жолдайды қарттар үйінің тұрғыны

Вера әжеміз.

«Қарты бар үйдің қазынасы бар» демекші, қарияларымыздың қартайғанда қарттар үйін паналағаны шыны керек, жанымызға батты. Тәрбиенің тозғаны ма әлде тасбауырлықтың озғаны ма? Жауабын таппадық. Сәбиі жыламайтын, қариясы қарттар үйін жағалмайтын қоғамнан әлі де үміттіміз. Әзірге, ащы ақиқатты қабылдап, қарттар үйіндегі қарияларға ұмытпай барып тұрғаннан басқа қолдан келер қайран жоқ. Жастары жігерлі болса, қариясы жыламайтын қайырлы қоғамның келеріне сенеміз.

Ербол Молдасейт

«Филология» ББ 3-курс студенті



Халық мұрасы

# ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДЫ ҰЛЫҚТАЙЫҚ



**Әлемде қанша ұлт өкілі болса, сол ұлт өкілдерінің өзіндік мәдениетімен, салт-дәстүрі қалыптасады. Осы құндылықтардың бірі ретінде - ұлттық ойындарды жатқызамыз. Ойындар арқылы ұттың мінезін, қырағылығын мен сұлпатын көруге болады. Біздің қазақ халқының өзіне тән, ұлттық ойындарын ауыз толтырып айтуға болады.**

Қазақ халқының ежелгі мәдениетіне көз жүгіртсек жылқы жануарымен тікелей байланысты. Ойындардың басым көпшілігі де осы жылқы жануарымен ойналады. Соның ішінде ең бір ер жігіттің сыналатын, қызықтысы - аударыспақ.

Ойынға қатысушы төзімді, батыл, тапқыр, ең бастысы мықты күш-жігерлі болуы қажет. Әрине, ат үстінде өзін жақсы ұстай білуі қажет. Ал ойын шартына келсек, аударыспақ - атқа мінген екі жігіттің бірін-бірін аударып тастап не ерден жұлып алу үшін шайқасатын ойын.

Қазіргі таңда заман талабына сай аударыспақ салмақ дәрежесіне қарай топқа бөлінеді. Жеңіл салмақ 64 келіге дейін, орта салмақ 80 келі, ауыр салмақ 80 келіден жоғары. Аударыспақты әдеттегі спорттық күреске едәуір ұқсайтын болғандықтан салмақты үш топқа бөлу жеткіліксіз. Себебі кей кездері спортшылардың салмағындағы айырмашылық 20 келіден асып кететін жайттар болып тұрады. Сондықтан, аударыспақтағы салмақты кем дегенде бес топқа бөлу қажет. Спортшылардың дайындығынан бөлек атты таңдап алудың маңызы ерекше. Оған әрі күшті, әрі шапшаң аттар керек. Себебі оның үстіндегі адамды оңай аударып алуға болады.

## **Ат спортының ел ішіне ең көп тараған түрі бәйге.**

Ат жарыста ұзаққа шабатын - аламан бәйге және жақын жерге шабатын бәйге болып бөлінеді. Бәйгенің бір ерекшелігі қырлы дөңесі бар табиғи кедергілер арқылы өткізілетіндігінде. Бұл спортшыларға талапты күшейте түседі. Атқа шабушы тек күшті болып қана қоймай, атқа жақсы шаба және өз атының күшін дәл бағалай білуі керек. Бірақ соңғы кездерде жарысты тегіс жерлерде немесе ипподромдарда өткізетін болды. Мұндай жағдайда қашықтықты ұзартады. Бәйгеде спортшының тактикалық шеберлігінің арқасында жеңіске жетуге болады. Көп жағдайларда аты жүрік және мықты спортшылар емес, жарыс жағдайын дұрыс түсініп, өзінің сәйгүлігінің күшін дұрыс біле білген адам ұтып шығады. Сондықтан жарысқа атты дұрыс әзірлеу қажет. Егер ат жақсы жаратылмаса бәйгеден озып шығу қиын. Атты дұрыс жаттықтырып қана қоймай сонымен бірге бәйгеге қосатын сәйгүлікті таңдап ала білу керек. Жақсы сәйгүліктердің мынадай ерекшеліктері болады: ат кедергі болса оның жүрегі мен өкпесінің

мықты екендігін көрсетеді. Шоқтығы биік, тірсек сіңірлері жетілген, аяғы сомдай берік болуы керек. Егер аттың жүрісі жайлы болса ол оның ұзаққа шабатындығын көрсетеді. Қысқаға шабатын аттар денесі ірі, жай жүргенде жұлқынып, тынышсызданып тұрады.

## **Барлығына ежелден мәлім спорт түрі - садақ ату.**

Ол қазір де спорттың бір түрі болып саналады. Садақ атудан ресми жарыстар Европа мен Азияның көптеген елдерінде өткізіледі. Дүниежүзінде бірінші орын алу жарысы соңғы рет Финляндияның астанасы Хельсинкиде өткізілді. Садақ ату бір кезде Қазақстанда да кеңінен тарап, спорттың ұлттық түрі ретінде барлық спорттық мерекелердің бағдарламасына енгізілетін. Қазақ жігіттері өздерінің мергендіктерін, шеберліктерін көрсетіп тіпті шауып келе жатқан аттың үстінен қарақшыға садақ оғын дәл тигізетін. Әдетте жарыс өткізілгенде жамбыны биік сырықтың басына қыстырып қоятын. Жамбыны алу үшін садақ оғымен қылшылбырды қыйып түсіру керек. Бүгінгі күні бұл спорт түрі ерекше назарда, жас спортшыларды дайындау жұмыстары да қарқынды жүріп жатыр.

## **Ұлттық спорттың тамаша түрінің бірі - қазақша күрес.**

Қазақша күрестен жарыс Октябрь революциясына дейін және революциядан кейін біраз жылдар салмақтық топтарға бөлінбей өткізіліп жүрді. Бұл оған қатысушылардың арасында теңсіздік тудырған еді. Қазіргі кезде қазақша күреске қатысушылар салмағына қарай бес топқа бөлінеді. Бірақ оның өзі де жеткіліксіз. Қазақша күрес еркін күреске өте ұқсас болғандықтан мұнда да салмақтық топтар еркін күрестегідей болу керек. Спорттың ұлттық түрлерін мүмкіндігінше қазіргі классикалық түрлерге жақындата түсу, оларды одан әрі өркендетудің және жетілдірудің негізгі міндеттерінің бірі. Спорттың ұлттық түрлерін бұл бағытта дамыту оны бұрынғыдан да мазмұнды және қызықты ете түседі. Бұл әсіресе еркін күрестің түрегеп тұрғанда аяқтан шалатын және қолмен белден төмен ұстауға болмайтын әдістеріне өте жақын. Қазақша күрес үшін тіпті маңызды. Мұндай әдістер орыстың, тәжіктің, қырғыздың, армянның, грузиннің тағы басқа халықтардың күрестерінде бар. Бұл жағдай қазақша күрестің техникасын,



тактикасын, жаттықтыру әдісін жетілдіре түсуге мүмкіндік береді. Қазақша күрестегі бір ерекшелік шалу және қайыру сияқты әдістердің қолданылуында. Мұнда түрегеп тұрып лақтыру немесе жатаберіс тастау, белге салып лақтыру сияқты әдістері де қолданылады. Бұл негізгі әдістерге палуан аяғын жиі пайдаланады.

Қазақ халқы ұлттық ойындарға өте бай. Сол ойындарды бүгінгі жас ұрпақ көдесіне жаратса құба-құп болар еді. Әлемнің өзге халықтары сияқты, қазақ халқы да өзінің өскелең ұрпағын ойын арқылы алу-

ан түрлі өмірлік бейімділіктерге баулып отырған. Осы арқылы ұлттың дене-қуаты күшті, парасатты ұл-қыздары елі мен жерінің, ар-намысын қорғауға қашанда әзір болып қалыптасқан. Бабадан мирас болып жеткен осы ұлттық ойындарымызды еш ұмытпай оны заман талабына сай жаңаша бейімдеп, ұлықтай білсек, ел болашағының жарқын болары сөзсіз.

Дина Дәулеткелді  
«Журналистика» ББ  
2-курс студенті

Мы из КРУ

# Она хотела понять, что мы едим, покупая продукты в магазинах



**Я беседую с Дианой Терентьевой – студенткой 4 курса факультета сельскохозяйственных наук КРУ**

**Почему после окончания школы твой выбор пал именно на биотехнологию? Были ли другие варианты?**

Изначально я предполагала поступить в медицинское училище, но перед сезоном тестирования передумала. Позже внезапно наткнулась на специальность «Биотехнология» и уже целенаправленно стала настраиваться на нее, так как мне по душе и ближе работа в лаборатории и проведение различных исследований. Я интересовалась этим еще до учебы в университете в своей повседневной жизни, чтобы понять, что мы едим, покупая продукты в магазинах.

**Расскажи, как проходил процесс поступления?**

Сдавала я на ЕНТ популярные предметы – биологию и химию. Подавала заявление на грант по направлению биологические и смежные науки, и далее уже при поступле-

нии в университет давался выбор – биология/биотехнология. В результате я выбрала второе.

**Было ли тебе важно пройти по гранту?**

Да, для меня было очень важно выиграть грант, потому что, во-первых, это гордость как для себя, так и для родителей. Также, облегчение во многих сферах жизни и, конечно же, большой плюс – стипендия. Именно возможность получения гранта было основополагающим критерием для выбора данной специальности. Я просчитала, что смогу пройти со своими баллами. Так и получилось.

**Но что-то тебя и еще привлекло в КРУ, помимо возможности получить грант?**

Конечно, привлекла масштабность выбора направлений, разработка и получение новых продуктов, веществ с помощью живых организмов. И в целом, и с точки зрения науки биотехнологии – это очень интересно.

**Сейчас ты уже заканчиваешь обучение**

**на 4 курсе. Насколько успешными были у тебя эти годы?**

Иду на красный диплом. Было очень много сложностей на первом и втором курсах, затем уже освоившись с требованиями преподавателей и объемом информации, все стало намного легче. Главное – для меня учиться было реально интересно. Для себя обозначила два принципа для успешной учебы: выполнять все необходимые задания вовремя и с особой ответственностью подходить к написанию курсовых и подобных работ.

**Где ты проходила учебную практику? Расскажи о своем опыте**

Мне довелось проходить практику как в стенах университета, так и ознакомительную в Национальном центре экспертизы, а еще в «Национальном центре биотехнологии» в городе Астана. В НЦБ я получила множество знаний и практических умений при работе в лаборатории. Освоила методику выделения ДНК из зеленых частей рас-

тений. В общем получила бесценный опыт для дальнейшего развития своей профессиональной карьеры специалиста.

**На какую тему будешь защищать диплом?**

Тема моей дипломной работы – «Определение генов резистентности к антибиотикам у патогенных микроорганизмов, выделенных из мясных продуктов». Пока не буду рассказывать о своем исследовании, потому что я еще нахожусь в процессе. Но после защиты обязательно расскажу.

**Насколько, на твой взгляд, биотехнология важна для человечества?**

Очень! Биотехнология может помочь сохранить окружающую среду и получить необходимые продукты с определенным набором нужных компонентов. Она может помочь улучшить качество продуктов пищевой промышленности и сельскохозяйственного производства. Поможет человечеству усовершенствовать биологические процессы с использованием клеток микроорганизмов, бактерий, грибов, дрожжей. Сюда же входит создание и изучение антибиотиков, вакцин, аминокислот, каких-то препаратов. Простым языком, биотехнология – это инженер в области естественных и точных наук.

**Есть ли что-то такое, что тебя разочаровало в этой профессии, исходя уже из пройденного пути?**

-Как таковых сильных разочарований нет. Сама по себе профессия актуальна и востребована в мире. Но к большому сожалению, в нашем регионе и городе она не столь популярна. К примеру, на моем потоке нас всего семеро обучающихся по этой ОП. Однако, считаю, что все впереди, и в нашей стране биотехнология как наука постепенно наберет обороты.

**Наверняка у тебя уже есть планы на будущее?**

Планирую развиваться в своей специальности. Следующая цель – поступление и обучение в магистратуре, а также работа и наработка профессиональных навыков. Степень магистра я планирую получить потому, что будет больше возможностей найти хорошую и подходящую работу, так как на это обращают внимание работодатели особенно в моей сфере. Плюс магистратуры – расширение и углубление знаний и умений, ну, и возможность преподавать в университете.

**- Как прошла твоя студенческая жизнь за эти 4 года?**

- Она стала особенно насыщенной в последние 2 года, благодаря организации «Enactus». Это международная организация, ориентированная на развитие студенческого предпринимательства. Сейчас она активно развивается в нашем университете. Благодаря ей я познакомилась со многими интересными людьми, обрела хороших друзей и «прокачиваюсь» в области бизнеса и стартапов, выезжая в разные города нашей страны. Совет всем студентам и поступающим: активно проводите свое время, участвуйте в различных конкурсах, проектах, записывайтесь в различные кружки. Не упустите и круто проведите это время, чтобы оно запомнилось, как и мне, на всю жизнь. Конечно, мне немного грустно от того, что эпоха моего студенчества пролетела так быстро. Кажется, что вчера только закончила школу, а сегодня вот уже выпускаюсь из университета...

*Аружан Нурмуханова,  
студентка 3 курса  
ОП «Журналистика»*



Преподаватели тоже люди

# Татьяна Брагина: «Жизнь – одна, она должна быть интересной»

Готовясь к встрече с героиней своего материала, я изучала открытую информацию о ней в интернете и была несказанно удивлена тем, насколько это фантастически активный и результативный человек в своей научной деятельности.



...Я была взволнована. Робела. Ведь мне предстояло общение с многоуважаемым серьёзным человеком и профессионалом международного уровня и значимости. Ожидала диалог, приближенный к официальному. Но все получилось иначе: приятное знакомство и невероятные истории из жизни. Речь идёт о Брагиной Татьяне Михайловне - докторе биологических наук, профессоре КРУ, независимом эксперте Конвенции ООН по борьбе с опустыниванием, эксперте по биоразнообразию Всемирного Фонда дикой природы (WWF), научном эксперте Комитета лесного и животного мира МСХ РК, члене Национальной рабочей группы по осуществлению КБО и ИСЦА УЗР, председателе НПО «Наурузум», члене международного независимого комитета (IPC) по вопросам доступа к природным и продовольственным ресурсам, члене группы IUCN по ООПТ, руководителе Глобальной тематической группы IUCN/CEM "Holarctic Steppes", члене редколлегии российских журналов «Степной бюллетень» (Россия), «Эко-Потенциал» и «Водные биоресурсы и среда обитания», члене диссертационного совета при Евразийском национальном университете имени Л.Н.Гумилева по специальности «6D060800 – Экология». Она принимала участие в полу-сотне международных конгрессов в десятках стран мира, на ее счету 19 индивидуальных и коллективных монографий, более 15 учебных пособий, более 400 публикаций. Смущаясь, я попросила рассказать Татьяну Михайловну о том, что привело ее в биологию.

- В 4 года я засушила одуванчик. И тогда мне дали книжечку, и я начала там засушивать всякие цветочки. Потом бабушка разрешила мне приносить в дом и выращивать птенчика, котёнка. Терпение моей бабушки было беспредельным. Позже в школе я стала читать о природе и о тех, кто ее защищает. В 7 классе я решила, что буду биологом. Мои родители не были счастливы от этого выбора, папа гово-

рил, что нужно иметь нормальную специальность, считая, что биологом я буду работать где-то в «дыре» и получать гроши. В итоге я закончила биологический факультет Ростовского государственного университета, куда в те годы поступить было очень сложно, поскольку он котировался наравне с МГУ. Лабораторная работа там длилась не 50 минут, а 6 часов, а практика не неделю, а 40 дней. Родители боялись того, что я уеду далеко реализовывать свои идеи. Их опасения были не напрасны. (Улыбается).

**- Складывается такое впечатление, что Вы просто живёте своей профессией...**

- А мы все живём в природе и, конечно, биологи в этом отношении счастливые люди. Они изучают, знают природу и живут внутри неё. В отличие, например, от медиков. Мои родители хотели, чтобы я стала медиком или инженером и была при них. Я очень уважаю эти профессии, но я хотела жить не среди больных, а среди здоровой природы, к чему и стремилась.

*Ради меня Татьяна Михайловна пришла в университет раньше обычного. Очень уж загружена работой. В ее кабинете уже с утра было несколько студентов с вопросами к профессору. А в рабочем компьютере ее ждал какой-то отчёт. Глядя на все это, я задавалась вопросом: отдыхает ли вообще этот сверхчеловек?*

- Ой, мне часто задают этот вопрос. Да, я умею хорошо работать и умею очень хорошо отдыхать. Равномерно не получается, всё-таки 90% - это работа. У кого-то работа от слова «раб». У меня не так. От работы, которая связана с твоим интересом, получаешь только удовольствие. Это не «обязаловка». Я делаю, конечно, гораздо больше, чем требуется, но это мне доставляет удовольствие. Свои выходные дни я провожу по-разному, потому что у меня довольно широкий круг общения, где каждый по-своему отдыхает, и я с ними.

**- Где же черпать столько сил и вдохновения для работы?**



- Ну, студенты у нас интересные поступают. Был период, когда после дистанционного обучения ко мне приходили студенты недостаточно образованные. А теперь так интересуются, стараются. Они не равнодушные, загораются делом, действительно хотят получить знания. Конечно, я вдохновляюсь студентами, очень не люблю обычную рутину. Жизнь же одна, она должна быть интересной.

*Отойдя от темы работы, я узнала, что ещё нравится моей героине. Оказывается, она хорошо разбирается в музыке, живописи. Ставится всегда и везде в поездках посетить выставки и концерты. Татьяна Михайловна много занималась спортом. Она имеет второй разряд по альпинизму и КМС по настольному теннису. Считает себя человеком азартным и любит всякие подвижные игры.*

- Хобби у меня довольно много, например, коллекционирование монет из стран, в которых побывала. Со своими сыновьями изучала всё об этой стране: культуру, природу... Ребята мои теперь хорошо знают географию. Семьей мы организовывали и свои частные научные экспедиции. Хороший фильм или книга тоже были поводом для обсуждения в семье. Когда мои мальчишки росли, я замечала, что они читают и к чему имеют склонность, потому что каждое поколение читает своё и общается на своём сленге. Практически всё перечитывала вслед за ними. И это тоже стало семейной традицией.

**- К слову, о путешествиях...**

- В своё время я много ездила по разным странам и много работала. Но в обеденном перерыве выбиралась пешком осмотреть окрестности. Поэтому некоторые страны я хорошо знаю. Нам долго не удавалось семьёй поехать в путешествие. Но когда удалось, мы съездили в тропики и решили, что теперь это будет традицией - отдыхать каждый год, посвящая друг другу хотя бы неделю.

*Сыновья - опора и крылья Татьяны Михайловны. Старший - успешный учёный, а млад-*


*ший - хороший специалист, для которого научные исследования стали хобби. Супруг же Татьяны Михайловны, известный ученый-орнитолог, который был рядом с ней более полувека, часто говорил о ее способности увлекаться грандиозными идеями по сохранению природы: «Я тебя умоляю, не связывайся, ты загораясь идеей и хочешь увидеть результат при жизни, а так не бывает. Если и бывает, то получается, что ты проживаешь 3 жизни одновременно».*

- Конечно, такая насыщенная, напряженная научная жизнь истощает организм, но я - счастливый человек, потому что некоторые идеи, в осуществление которых не верил никто и даже мой супруг, стали реальностью при моей жизни - расширение Наурузумского заповедника, создание проекта ЭКОНЕТ на территории Казахстана – системы, которая объединяет охраняемые природные территории различного статуса и территории с различными режимами природопользования, интегрированная в контекст социально-экономического развития. В настоящее время эта система активно используется во всем мире.

*У профессора есть два девиза: «Дорогу осилит идущий» и «Не бойтесь сделать первый шаг». А еще Татьяна Михайловна уверена в том, что человек может всё, если захочет. И подтверждает это фразой своего авторитетного супруга-ученого: «Я не думал даже, что за одну жизнь можно столько сделать».*

*...Я уходила от Татьяны Михайловны, заряженная ее энергией, жизнелюбием, целенаправленностью, работоспособностью. Радуется, что такие интересные и выдающиеся личности живут и работают рядом с нами, чего мы порой не осознаем. Великая честь учиться у таких людей.*

Виктория Казаченко,  
студентка 2 курса  
ОП «Журналистика»



Все флаги в гости к нам

# Любимым блюдом Поля стал бешбармак

**Казахстан - многонациональная страна, встречать людей разных конфессий для нас норма, мы уважительно относимся к людям всех национальностей и на редкость толерантны.**

На улицах нашего Костаная можно встретить людей разных национальностей. Но одна недавняя встреча для меня стала особенной.

В праздничные дни Наурыза, получив очередное задание по одной из журналистских дисциплин, я снимала видеорепортаж в ТЦ «Плаза», задавая вопросы прохожим. И тут вдруг увидела молодого человека непривычной для нас внешности, который с большим любопытством рассматривал все вокруг, пытаясь проникнуться праздничной атмосферой, которая царила здесь.

Я набралась смелости и подошла к нему в надежде, что он согласится принять участие в моем опросе. С первых секунд нашего общения он пытался говорить на ломаном русском, я на английском. Так я познакомилась с Полем. Стало понятно, что гость недавно и

впервые приехал в Казахстан из США и был в бурном восторге от всего увиденного. Оказалось, что больше всего его поразило, с какой душевной теплотой к нему относятся наши люди. За те несколько недель, что он прожил в Костаная, его гостеприимно встретили друзья, а наш бешбармак стал его любимым блюдом. Праздничная атмосфера Наурыза на улицах города настолько поразила его своей щедростью и теплотой, что он захотел остаться жить в Казахстане.

«Я почти ничего не знал о вашей стране», - признался Поль. «Впервые в Америке о Казахстане я услышал лет десять назад, тогда, когда туда приехал с визитом ваш президент Назарбаев. Тогда-то мне и захотелось посмотреть на вашу страну, узнать о ее традициях, обычаях и ...попробовать баурсаки». «Признаюсь, - делился Поль, - я не верил в то, что у вас люди разных национальностей живут в мире и не оскорбляют друг друга. Можно заходить в любые места всем и никто тебя не выгонит, все приветливые и улыбаются, помогают и всегда чем-то угощают. Я в восторге от вашего гостеприимства». И вдруг нео-



жиданно: «У меня появилась мечта, я твердо решил поступить учиться в ваш КРУ, хочу получить магистерскую степень программиста. Думаю, у меня получится».

...Мы пили кофе и мило беседовали, мне было интересно расспросить у него о жизни в Штатах, а он спрашивал о том, как мы жи-

вем здесь и почему люди у нас такие добрые. Я рассказывала ему о нашем ВУЗе и думала о том, что не удивлюсь, если в новом учебном году встречу магистранта Поля в стенах нашего университета.

Троян Анастасия,  
студентка 2 курса ОП «Журналистика»

Табиғи апат

## АПАТ АЙТЫП КЕЛМЕЙДІ...



**Көктем келісімен жер-ана бусанып, табиғат-иелеріне жан бітіп, тіршілік иелері бәрі мәре-сәре күйге түсетін шақ. Бірақ, бәрі біз күткендей жайдары бола бермейді. Табиғат тосын мінез көрсетуі де мүмкін. Биыл Қостанай облысы да табиғаттың сондай тосын мінезіне тап болып, халық абдырап қалды. Айтып келмеген апат аймақты әбгерге салды. Көктемгі су тасқынының негізгі себептерінің бірі қыста түскен қардың температураның күрт көтерілуінен. Бұл процесс өзен мен бұлақтардағы су көлемінің ұлғаюына әкеліп соғады, нәтижесінде жағалаудағы аумақтарды су басып, жергілікті тұрғындарға қауіп төнеді.**

Биыл қар қалың жауды, күн күрт жылып, қар еруіне алып келді. Нәтижесінде Қостанай облысының оңтүстік өңірі су астында қалып, ел тұрғындары қайда барарын білмей қалды. Облыс бойынша 15 бағытта жолдарды су басқан. Арқалық, Амангелді, Жангелді аудандарының тұрғындары жедел түрде эвакуацияланып, жақын аймақтағы қауіпсіз аудандарға көшірілген. Төтенше жағдай департаменті, әскерилер мен еріктілер су ағатын арналарды құммен бітеп, қолдарынан келгенше, ауылдарды сақтап қалуға тырысқан. Өкінішке орай, оң нәтиже болмады. Табиғи апат шаруа қожалықтары үшін де біраз шығын алып келді. Мал өсіріп, күн көріп отырған халық пен ірі қожалықтар біраз малынан айырылған. Аман қалған жануарларды азықпен қамтудың өзі де бөлек мәселе болып тұр.

Ел басына қиындық түскен сәтте, халық жұмылып, бір-біріне көмек беруде. Ірі кәсіпорындар, мекемелер мен мәселеге бей жай қарай алмаған азаматтар, еріктілер гуманитарлық көмек көрсетуде. Дәл қазір халыққа көрсетілген әрбір көмек маңызды. Бір апта көлемінде жүргізіліп жатқан іс-шаралар нәтижесі қандай? Кей аудандардағы жағдай тұрақталып келеді. Интернет пен байланыс қалыпқа келуде. Бірақ әлі де үлкен су тасқыны қауіп бар.

Нұрхан Қабықен, Қостанай облысы ТЖД Мемлекеттік өрт бақылау басқармасының аға инженері: Су тасқыны жағдайы қайта нашарлауы болжануда. Сондай-ақ Ресей Федераци-

ясынан ірі өзендерге су келеді деп күтіледі. Осыған байланысты жергілікті өзін-өзі басқару органдарынан су тасқыны қауіпін азайту үшін барлық кешенді іс шараларды жүргізуді, халықты эвакуациялау, сондай-ақ мал айдау орындары мен маршруттарды анықтауды, қажет болған жағдайда халықты қауіпсіз орындарға алдын-ала көшіру жүргізуді сұраймыз.

Жалпы, көктемгі су тасқыны жыл сайын болатын табиғи құбылыс. Дегенмен, дұрыс жоспарлау және болжанған тәуекелдерді басқару арқылы олардың қоғамның өмірі мен әл-ауқатына әсерін барынша азайтуға болады.

Өңіріміздегі судың қарқыны қайтып, су деңгейі төмендей бастады. Дегенмен, белсенді жұмыстар әлі де жүргізілуде. Осындай қиын сәтте Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің оқытушылары мен студенттері де көмек көрсетті. Су тасқынының алдын алу жұмыстарын жүргізіп, аймақтардан эвакуацияланған тұрғындардың жағдайын жасады. Университет ғимараттарының бірінде гуманитарлық көмек қабылдау пункті орналасқан.

Ал зардап шеккен қызметкерлер мен студенттерге университет тарапынан көмек көрсетіледі. Бұл қиындықты да бірлесе жеңіп, қалыпты өмірімізге тез арада қайта оралатынымызға сенеміз.

Диана Исакова  
«Журналистика» ББ 2-курс студенті

Жетістік жолы

## АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ АТЫНДАҒЫ БІЛІМ ОРДАСЫНЫҢ СТУДЕНТТЕРІ ЧЕМПИОН АТАНДЫ

**А. Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің студенттері қашанда өздерінің ерекше жетістіктерімен көзге түсе білген. Білім алушыларымыз білімді, талантты, әрі жан-жақты. Әсіресе спорттық жетістіктері туралы ауыз толтырып айтуға болады. Наурыз айы студенттеріміз үшін биік белестерді бағындырған ай болды.**



Бұл «Дене шынықтыру және спорт» білім бағдарламасының оқытушылары мен студенттерінің жемісті еңбектерінің нәтижесі. Студенттер түрлі спорттық іс-шаралар мен жарыстарға белсенді қатысады. Мысалы, «Агрономия» білім беру бағдарламасының 4 курс студенті Дмитрий Бондарук. Қазақстан Республикасының Қарағандыда өткен аралас жекпе-жекте (IMMAF MMA) чемпионатында топ жарды. Жарысқа еліміздің барлық өңірлерінен спортшылар жиналды. Соның ішінен біздің Дмитрий Бондарук ҚР чемпионы атағын иленіп қана қоймай, Үндістанда ұйымдастырылатын Азия чемпионатына, сондай-ақ Өзбекстанда өтетін әлем чемпионатына қатысуға жолдама алды.

Аталған сайыста дене шынықтыру және спорт факультетінің 2 курс студенті, «Аламан» спорттық-кәсіби клубының тәрбиеленушісі Шыңғыс Жүсіпов өзінің салмақ дәрежесінде Қазақстан Республикасының чемпионы атанды. Жалпы спортшы тоғыз қарсыласпен нәтижелі кездесу өткізіп, Үндістанда, Түркияда және Өзбекстанда өтетін әлемдік турнирлерге жолдама алды. Студенттердің спорттық жетістіктерімен құттықтай-

мыз және әлемдік аренада сәттілік тілейміз!

Сондай-ақ Baitursynuly University бірден бес студенті гир спортынан ҚР Чемпионатының жеңімпаздары атанды! Студенттер сәтті өнер көрсетіп қана қоймай, өз салмақ дәрежесінде рекордтар орнатты. Нақты айтатын болсақ:

Денис ДОЛГАШОВ (68 кг-ға) «жұлқа» және «серпе» көтеру бойынша 32 кг салмақ.

Иван САВЕЛЬЕВ (95 кг-ға дейін) «жұлқа» және «серпе» көтеру бойынша 32 кг салмақ.

Манур ШАЕКЕНОВ (68 кг-ға) «жұлқа» көтеруден 32 кг салмақ.

Антон СТЕЛЬМАХ (63 кг-ға дейін) 32 кг салмақтағы «жұлқа» көтеруде.

Әбуәлі АМАНҚҰЛ (78 кг-ға дейін) 24 кг салмақтағы «жұлқа» көтеруде.

Дарынды спортшыларды тамаша жетістіктерімен құттықтаймыз және жаңа рекордтар мен жеңістер тілейміз! Сіздер – біздің мақтанышымызсындар!

Нұрдәулет Ибраев  
«Журналистика» ББ 2-курс студенті

Есть контакт

## От Миннесоты до Бали

**Продуктивным на перспективе реальным международным сотрудничеством стал прошедший месяц в нашем КРУ**

Впервые КРУ посетили гости из экзотической Индонезии. Причем даже во главе с послом этой страны в Казахстане Мохаммадом Фаджрозлом Рахманом. Господин посол обозначил точки соприкосновения в подготовке наших и индонезийских студентов сразу по нескольким направлениям, предложил принять участие в стипендиальных программах своей страны и даже понадеялся на возможность прочесть гостевые лекции в нашем университете. Так что, возможно, в скором будущем наши студенты и на Бали отправятся.

Проводив гостей из Индонезии, КРУ встретил представительную делегацию из топового исследовательского вуза США University of Minnesota во главе с его ректором. Гости заинтересовали психологическое, педагогическое и IT направления, развиваемые в нашем университете. Ректоры обоих вузов обсудили программу двойного диплома а также учебу по обмену, что сулит нашему КРУ пополнение в лице американских студентов, а университету в

Миннесоте – присутствие наших костанайцев.

Все более активным становится наше взаимовыгодное сотрудничество и с вузами Китая. В прошедшем месяце делегация Baitursynuly University посетила один из ключевых сельскохозяйственных вузов КНР – Северо-Западный университет сельского и лесного хозяйства (NWAUFU). Результатом визита стал целый ряд масштабных проектов, ориентированных на научно-исследовательскую деятельность и академическую мобильность. Уже с сентября в Baitursynuly University будет запущена программа дублированного обучения по ОП «Агрономия». А уже сейчас в КРУ придут магистранты из этого китайского вуза на трехмесячную стажировку.

Как и Baitursynuly University, NWAUFU находится в аграрном регионе Китая, поэтому было решено сделать упор на совместную научно-исследовательскую деятельность в этом контексте. Костанайские просторы станут полем для международного сельскохозяйственного проекта – уже в мае планируется сортоиспытание элитных культур из КНР. Причем за этим экспериментом будут наблюдать не только ученые Baitursynuly University и NWAUFU,

но и руководители сельхозпредприятий Костанайской области. Для них же китайские ученые проведут курсы повышения квалификации, на которых поделятся последними инновациями в аграрной сфере. В дальнейшем на базе нашего университе-

та в планах создать центр семеноводства и совместную лабораторию по безвирусному выращиванию картофеля. Что станет прорывной акцией не только для нашего вуза, но и для сельскохозяйственного кластера нашего региона.



Новость в сто слов

## Проект предоставит возможность учиться в США



Для наших студентов это станет реальностью благодаря проекту «English for STEM». Цель программы - выявить наиболее перспективных студентов STEM и IT с высокими академическими результатами, средним уровнем владения английским языком и четким стремлением воспользоваться преимуществами курсов английского языка. Координаторы про-

екта - Министерство образования РК, Центр международных программ «Болашак» и региональные университеты-партнеры, среди которых и наш Baitursynuly University. В КРУ в рамках реализации программы прошла встреча с директором проекта Nicholas Drapeau и координатором программ английского языка Посольства США Ольгой Патеровой.

## Сенсация в мире истории

Торгайские геоглифы – самые уникальные древние памятники Костанайской области, Казахстана, мира. Подобные объекты нигде на земном шаре пока не обнаружены. Открытые в 2007, наши геоглифы вот уже 15 лет изучаются учеными всего мира, пытающимися разгадать их загадку: когда, кем и для чего они были сооружены. В рамках этих исследований прорывом стало открытие ученых-археологов нашего университета. Старший научный сотрудник археологической лаборато-

рии КРУ Ирина ШЕВНИНА констатирует: «Много лет у нас были лишь косвенные доказательства того, что торгогайские геоглифы относятся к раннему железному веку. Но после того, как мы раскопали в Каратургайском кольце погребение мужчины и женщины, которое дало нам массу информации, стало возможным точно датировать геоглифы. Пока нам удалось раскопать четыре кургана из девяти. А что таят в себе остальные, мы узнаем уже будущим летом».



Дом советов

## Чтобы учиться было легко и радостно

Не все и не всем в нашем университете дается легко. Но есть те, для кого освоение ОП не вызвало заморочек и трудностей, стало увлекательным и продуктивным. Как правило, это наши успешные выпускники. Студенты ОП «Журналистика» провели опрос среди четверокурсников нашего университета разных специальностей. В ходе его мы узнали, какие лайфхаки они использовали при подготовке к аттестациям, написанию курсовых, выполнению иных работ



**Бөлеген Гүлжан:** Мен аралық бақылауға дайындалар алдында уақытымды жоспарлап аламын. Материалды кішкене блоктарға бөліп, оларды күн сайын қайталаймын. Уақытты жоспарлаудан басқа, мен белсенді қайталау әдісін де қолданамын. Бұл дегеніміз, мен материалды оқып қана қоймай, онымен белсенді жұмыс жасаймын, сұрақтарды тұжырымдаймын. Бұл тәсіл тақырыпты терең түсінуге және ақпаратты жақсы есте сақтауға көмектеседі.

**Урستمов Мирас:** «У многих слово «курсовая» вызывает ужас. Уверен, что ключ к успешной работе заключается в выборе интересной темы, в активном взаимодействии с науч-



ным руководителем, а также с преподавателями, сведущими в твоей теме. Рекомендую прежде всего добросовестно изучить литературу по теме, для этого отлично подойдут читальные залы университета, цифровые ресурсы, например, Google-академия, национальная онлайн-библиотека и городские библиотеки. Особое внимание стоит уделить изучению материалов смежных областей, где также можно найти полезную информацию для вашей курсовой работы. И тогда она будет в радость.

**Қажым Гүлім:** Мен аралық бақылаудан сәтті өту үшін барынша дайындаламын. Ол үшін қол жетімді ресурстарды, соның ішінде интернетті барынша пайдалануға тырысамын. Кейде әртүрлі дереккөздердегі түсініктемелерді тыңдау арқылы күрделі тақырыптарды түсіну оңайырақ. Мен сондай - ақ курстарымымен сөйлесіп, әсерлеріммен бөлісемін. Бейне сабақтардан басқа, мен онлайн тесттер мен өзін-өзі тексеру тапсырмаларын белсенді қолданамын. Бұл маған материалды игеру деңгейін бағалауға және аралық бақылауға дайындық кезінде ерекше назар аудару керек әлсіз жерлерді анықтауға көмектеседі.



**Гарькуша Яна:** Исходя из собственного опыта, скажу, что, во-первых, не нужно ничего откладывать в долгий ящик, а начинать делать заранее, если курсовую, то хотя бы по одной странице в день. Начинаешь собирать материал для курсовой, и, поверьте, появляется чувство удовлетворения от работы, особенно если нравится тема. Во-вторых, я советую задавать себе вопросы, на которые хочется получить ответ. Например, я писала курсовую по теме авторских смежных прав и эта тема постоянно «сидела» у меня в голове. Заходя в это время в магазины, я спрашивала себя: «А если пра-



ва у хозяев на воспроизведение этой мелодии?» Или, если на нашей центральной улице вещает радио, кому идут какие-то отчисления, или как вообще это работает?» В общем, в процессе работы над темой надо ею жить. Третье: не бояться. Не бояться обращаться к знатокам и экспертам, отсюда могут возникнуть новые темы, направления, идеи, мысли... Ну и конечно, никогда не сомневайтесь в себе и своих силах, и не сравнивайте себя с другими людьми. Делайте работу спокойно и в своём удобном темпе.

**Макатова Қарагөз:** Аралық бақылауға сәтті дайындалу үшін менің лайфхакым - конспект жазу. Мен әр тақырып бойынша қысқаша жазбалар жазамын, маңызды жерлерін бөліп көрсетемін. Содан кейін мен оларды карталар немесе кестелер түрінде қайта жазамын, бұл ақпаратты жүйелеуге және бақылау алдында тезірек қайталауға көмектеседі. Конспект жазу кезінде мен



фактілерді жазып қана қоймай, тәжірибеден өз пікірлерім мен мысалдарымды қосуға тырысамын. Бұл маған материалды жақсы түсінуге және оны іс жүзінде қолдануға көмектеседі.

Қарауға кенес

## «Анаға апарар жол» фильміне рецензия



XII Халықаралық «Еуразия» кинофестивалі аясында Ақан Сатаевтың «Анаға апарар жол» фильмі көрермендерге жол тартты. Ақан Сатаев, Тимур Жақсылықов және Хасан Қыдырәлиев сияқты фильм түсірудегі тәжірибелі мамандардың кәсіби одағы фильмге жоғары сапа мен тереңдік берді десек қателеспейміз. Басты рөлдерді Әділ Ахметов, Аружан Жазылбеков және Алтынай Нөгербек сомдады.

«Анаға апарар жол» картинасының негізгі сюжеті баланың өмірге деген құлшынысы ана махаббатының қуатты күшінен бастау алатынын көрсетеді. Басты кейіпкер Илияс (Әділ Ахметов) пен оның анасының (Алтынай Нөгербек) арасындағы ұлы сезім олардың басына туған барлық қиын күндерді артқа тастап, қайта қауышуына себепші болды.

Оқиғаның негізгі желісі қазақ халқының басына түскен ауыр кезеңмен тұспа-тұс келген: ұжымдастыру, жұт, соғыс және соғыстан кейінгі жылдар. Кинода Илияс пен анасын тағдыр екіге айырған. Анасынан айырылған бала өмірдің ауыр соққыларымен бетпе-бет келеді: балалар үйі, сұрапыл соғыс, тұтқынға түсу, жазасын өтеушілер лагеріне тап болу. Осынау ауыртпалықтарды еңсеруге оған «анаммен

бір жүздесем» деген асқақ арманы күш береді. Кинода өмірлік құндылықтардың мәні мен тіршіліктегі құбылыстарға өзгеше көзқараспен қарауға жол сілтейді.

Тағдыр қанша тәлкегіне салса да Илияс жақындарына деген сүйіспеншілік, үміт пен сенім жібін жоғалтпады. Фильм баланың анаға махаббатын және ананың балаға махаббатын көрсетеді. Ананың асыл махаббаты, бас кейіпкерге аман қалуына, ауыр сынақтарды жеңіп, аман-есен үйге келуіне көмектесті.

Бұл фильм тек тарихи драма ғана емес, сонымен қатар адамның сезімдері мен қарым-қатынастарының терең көрсете алуымен де құнды. Ол өзінің тарихи контекстімен ғана емес, сонымен қатар ата-ана мен бала арасындағы сүйіспеншілік пен байланыстың күшін шебер көрсете алуымен де көрермендердің назарын аудара алады.

«Анаға апарар жол» фильмі кең аудиторияның назарын аударып қана қоймай, эмоцияларды оятып, ең қиын кезде махаббаттың, отбасының және сенімнің маңыздылығы туралы ой қозғата алатын тамаша фильм.

Гүлназ Өмірзақ

«Журналистика» ББ 2-курс студенті

Новость в сто слов

## Чтобы планета стала чище

Команда Enactus Baitursynuly успешно прошла квалификационный отбор и получила возможность представить Костанайский регион и университет в Национальных соревнованиях Enactus Kazakhstan National EXPO 2024, где она презентовала проект GrainProduct. Суть этого проекта в том, что переработанные зерновые отходы можно использовать для изготовления биологического пластика, который, в отличие от синтетического, легко разлагается и защищает

ет почву от отходов. Таким образом наши студенты вносят свой вклад в защиту окружающей среды и решают одну из 10 целей устойчивого развития ООН. А в 2023 году команда Enactus Baitursynuly участвовала в Национальных соревнованиях Enactus Kazakhstan National EXPO 2023 в Early Stage и выиграла грант на сумму 500 000 тенге от KMF Demeu. «Мы готовы и дальше покорять новые вершины и побеждать»,- заявила капитан команды Нурай Нурман.



Бас редактор/Главный редактор  
Кунгурова О.Г.

Бас редактор орынбасары/  
Заместитель главного редактора  
Мұханбетжанова А.Р.

Телефон: +7 (7142) 51 11 93

Беттеуші/Верстальщик  
Мираспеков С.Н.

Instagram: @zhurnalistykr